

Социальные проблемы села

Мысалы 2010 жылы жоғары білімі бар жұмыссыздардың үлес салмағы 19,7% болса 2014 жылы 27,2% болған, яғни 7,5% өскен, сәйкесінше орта кәсіптік 7,7%; жалпы орта білімі барлар-36,3%және 27,8%-ға дейін төмендеген немесе 8,5% азайған. Соңғылары негізінен кәсіби деңгейі төмен және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан төмен топтарды құрайды.


Республикадағы жұмыссыз халықтың жас мөлшері мен білім деңгейінің құрамы және құрылымында негізінен жұмыссыздар әсіресе 25-29 жас аралығындағы жоғары білімді жастар. Талдау жүргізілген жылдарда бұл көрсеткіштің мәні 24,1%-29,0% аралығында, ал 20-24 жастағы жұмыссыз жастардың үлес салмағының өзгеруі 9,2%-13,3% аралығында.

2-кесте. Жоғары білімді және жасы бойынша жұмыссыз халықтың құрамы мен құрылымы [1]

Жас топтары	2010ж.		2011ж.		2012ж.		2013ж.		2014ж.	
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%
20-24	13,0	13,3	11,9	12,0	10,1	9,7	9,3	9,2	13,6	11,0
25-29	23,7	24,2	28,7	29,0	26,2	25,3	28,4	28,2	29,9	24,1
30-34	18,0	18,4	20,8	21,0	23,1	22,3	24,7	24,5	25,9	21,0
басқа топтар	43,1	44,1	37,5	38,0	44,3	60,7	38,3	38,1	54,4	43,9
жұмыссыздар, барлығы	97,8	100	98,9	100	103,7	100	100,7	100	123,8	100

Ескеретін жағдай, соңғы жылдары 20-29 жас аралығындағы жоғары білімді жұмыссыздардың үлес салмағының азаю үдерісі байқалғанымен, оның жалпы деңгейі әлі де

болса жоғары және 35,1%-41,0% аралығында болып отыр. Жоғары білімді және жастық категориялары бойынша жұмыссыз халықтың құрылымының өзгеруі 2-суретте берілген.



2-сурет. Жоғары білімді және жасы бойынша жұмыссыз халық құрылымының өзгеруі, %

Елдегі орта кәсіптік білімі бар жұмыссыз халықтың арасындағы жастардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мысылы, орта кәсіптік білімі бар 25-29 жас аралығында жұмыссыздардың үлес салмағы 15,4%-18,8% арасында, сәйкесінше 20-24 жастағы жұмыссыздардың үлесі 7,3%-12,7%. Ал 20-29 жастағы кәсіптік білімі бар жұмыссыз жастардың үлес салмағы 24,8%-38,5% аралығында (3-кесте).

лық және орта кәсіби білімді мамандарды даярлауда қалыптасқан өзара сәйкессіздіктен туындады. Сондықтан мемлекет тарапынан соңғы жылдары, дипломы бар жұмыссыздар деңгейін төмендету үшін жоғары оқу орындарын оңтайландыру мақсатында іс-шаралар жүргізілуде. Жоғары және орта кәсіптік білімді мамандар даярлауды одан әрі жақсарту үшін, оларды материалдық-техникалық базасы бар, білікті оқытушы-профессорлары жеткілікті, заман талабына сай келетін оқу орындарына шоғырландыру қажет. Осы орайда, мемлекеттік деңгейде жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандардың санын және білімін анықтау және жоспарлауды еңбек нарығының сұранысына байланысты орталықтандыру қажет екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

Жалпы алғанда еліміздегі жастардың жұмыссыздық деңгейі, экономикалық белсенді халықтың аталған орташа индикаторынан жоғары деңгейде, сәйкесінше 6,1% және 5,0% құрайды (2014 ж.). Орта кәсіптік білімі бар жұмыссыз халықтың жас деңгейі бойынша құрылымының өзгеруі 3-суретте берілген.

Бұл жағдай, нарықтық экономикаға өту барысында жоғары гуманитарлық, техника-

уақытын ұтымды пайдалану мүмкіндігінің болмауы және т.б.

Ауыл жастарын тұрақтандыру және ауылшаруашылық жүйесін білікті мамандармен қамтамасыз етуде "Дипломмен - ауылға" жобасының маңызы зор. Осы жобаны жүзеге асыруда 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Заңының маңызы ерекше. Бұл заңға сәйкес мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек оқу орнын жаңадан бітіріп диплом алған жастар мен қатар, ауылда кем дегенде 5 жыл тұрып жұмыс істеуге келген еңбек өтілі бар денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету салаларының мамандарына беру қарастырылған.

Бұл бағдарлама бойынша жас мамандарға бір мәртелік мөлшері 70 АЕК деңгейіндегі материалдық көмек, тұрғын үй алуға немесе салуға 15 жыл мерзімге бюджеттен үстемесі 0,01% болатын 1500 еселік АЕК мөлшерінде несие беру және айлық лауазымдық жалақысына 25%-дан кем емес үстеме белгілеу және т.б. жеңілдіктер қарастырылған. Жобада 2012-2014 жылдары ауылға келіп жұмыс істейтін мамандардың саны 16,0 мың адамға жуық болады деп жоспарланған. Ал осы жобаны жүзеге асыру үшін бюджеттен 20,0 млрд. теңгеден астам қаражат қарастырылған. "Дипломмен - ауылға" жобасы бойынша 2009-2012 жылдары ауылдық өңірге 24577 жас маман жіберілген, оның 75,0% - педагогтар, 20,0% - денсалық сақтау жүйесінің мамандары, ал қалғаны: мәдениет саласының қызметкерлері - 275 адам, 268 - адам спорт және 184 - адам ветеринария салаларының мамандары [3].

Дегенмен, ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жеткіліксіздігі, тұрғын үй құрылыс жұмыстарының қажетті дәрежеде дамымауы, дәрігерлік қызмет деңгейінің төмендігі білікті және білімді жастардың ауылдық елді мекендерге барып жұмыс істеуіне кедергілер туғызуда. Осы орайда жас маман кадрларды, әсіресе орта буын мамандарын ауылдық елді мекендерге бейімдеп дайындау және өңірдің ерекшеліктеріне байланысты мамандықтарды игеруге бағыттау қажет сияқты.

Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін ауылдық аудан орталықтарында орта кәсіби оқу орындарын (немесе жұмыс жасайтын мамандар даярлау орындарын кеңейту, қажетті жаңа мамандықтар бойынша кадрларды даярлау және т.б.), жұмысшы кәсібін игеруге мүмкіндік беретін курстарды ашу тиімді болар еді. Оларда сол өңірге аса қажетті мамандарды (құрылысшы, жүргізуші, медбике, сле-

сарь-жөндеуші, тігін өндірісінің және киімдерді үлгілеу мамандарын және т.б.) даярлауға болар еді. Бұл экономикалық жағынан да, ауыл жастарын тұрақтандыру жағынан да қолайлы екені белгілі. Жұмысқа орналасқан ауыл жастары білімін одан әрі жетілдіру қажет деп тапқан жағдайда жоғары оқу орнын қазіргі кезде жедел дамып келе жатқан өндірістен қол үзбей қашықтықтан немесе дуалды оқыту жүйесін таңдап алуына болады.

Елде кәсіптік білім беру жүйесін реформалау жалғасуда. Осы мақсатқа байланысты жұмыс берушілер мен халықаралық эксперттерді қатыстыра отырып инновациялық экономика мен үдемелі индустриалдық дамуға қажетті мамандықтарға басымдық беріліп, кәсіптік білім беру стандарттары әзірленуде. Соның нәтижесінде жаңа білім беру бағдарламалары жасалынып техникалық және кәсіптік білім беру сферасының стандарттары жасалынуда. ҚР білім беру және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша 65 мамандықтың жаңа үлгідегі оқу жоспары, 650 пәннің үлгілік оқу бағдарламасы, 16 мамандықтың интегралдық білім беру бағдарламалары әзірленуде.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химия және тау-кен салаларына мамандар даярлауға дуалды білім жүйесін енгізу де қолға алынды. Дамыған еуропалық елдерде техникалық бейіндегі орта буын деңгейіндегі кадрларды және білікті жұмысшыларды даярлауда дуалды оқу жүйесін пайдалану өте жоғары нәтиже бергенін халықаралық қауымдастық мойындап отыр. Қазіргі кезде республикада кәсіптік білім беру жүйесінде дуалды оқу бағдарламасы бойынша оқу үрдісінің 70 % тәжірибелік негізде жүргізілетін 120 мамандық бойынша кадрлар даярлауға 100-ден астам кәсіпорындар қатысуда [4].

Ауыл жастарын жұмысқа орналастыруда Оңтүстік Қазақстан облысында игілікті жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Шымкент қаласында жастар кәсіпкерлігін қалыптастыру және дамыту мақсатында коворкинг-центр ашылған. Орталықта кәсіпкерлік қызметті бастаушыларға 6 айлық мерзімге барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, өңірде мал шаруашылығын дамыту үшін 2014-2016 жылдарға арналған бағдарлама жасалған, оның негізінде 17,0 мың адамға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 8,5 мың мал бордақылау шағын-алаңдарын салу, 1,5 мыңнан астам сүт фермасын ашу көзделіп отыр [5].

Республикада 2011 жылдан "Жұмыспен қамту-2020", ал 2013 жылдың маусым айынан бастап "Жұмыспен қамту жол картасы - 2020" бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаларға қатысушыларға мемлекет тарапынан әлеуметтік жұмыс орындары, жастар тәжірибесі, кәсіби оқу және қайта оқу, өз кәсіптерін дамытуға микронесиелер алуға

Социальные проблемы села

қолдау көрсетіледі. Соңғы бағдарлама жұмыссыз жүрген азаматтарға депрессивтік аудандардан экономикасы дамыған өңірлерге қоныс аударуларына мүмкіндік береді. Аталған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін "Қазпошта" АҚ ауылдық өңірлердегі бөлімдері арқылы "Нұрлы жол" жобасы бойынша жүргізілетін құрылыс жұмыстарына ауыл жастарын кеңінен тарту мақсатында іс-шаралар жүргізілуде. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты ауыл жастарын жұмысқа тартудың тиімділігін көрсету және олардың жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету.


Халықты жұмыспен қамтудың механизмінде және жүзеге асырылып отырған жұмыссыздықпен күресу жүйесінде елеулі кемшіліктер бар. Олар жұмыскердің біліктілік деңгейін, республикада жоғары оқу орындары мен орта кәсіптік білім беру жүйелеріндегі мамандықтардың түрлерін, құрылымын және оларда қанша студент білім алып жатқанын есепке алмайды. Соның нәтижесінде жоғары оқу орнын бітірген жастар әр түрлі факторлардың әсерінен жұмысқа орналасуда қиындықтарға кездеседі.

Жас мамандарды жұмысқа орналастыру проблемаларын шешуде шет елдердің озық тәжірибесін кеңінен қолдануға ерекше мән беру қажет. Мысалы, Германияда халықаралық қоғамдастық мойындаған, жұмыссыздықпен күресудің ұтымды жүйесі қалыптасқан. Жастардың бастамашылығын қолдау бағытында оларға әр түрлі артықшылықтар мен жеңілдіктер беру қарастырылған. Жастардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуына ерекше мән беріледі және мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Сонымен қа-

тар, жастарды бос жұмыс орындарына қабылдауға басымдық беріледі және т.б. [6]. Яғни, жас мамандарды кәсіпкерлік қызмет аясында белсенді тұрғыдан тарту, өз кезегінде шағын және орта бизнесті одан әрі қалыптастыру мен дамытуға оңды әсерін тигізеді.

Мамандардың зерттеулері бойынша Қазақстанда жастардың жұмыссыздығының негізгі себептері төмендегідей (1-диаграмма). Диаграмма мәліметтері бойынша, жастардың жұмыссыздығының негізгі себептері бастапқы 3 көрсеткішке байланысты [7]. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген жұмыс берушілер жоғары оқу орнын бітірушілерге жоғары жалақы беруге ынталы емес. Оның себебі, жас мамандарда тәжірибелік дағдының болмауы немесе аздығы. Сондықтан олар кәсіпорын қызметіне байланысты әр түрлі аса қажетті әлеуметтік - экономикалық мақсаттағы жұмыстарды орындай алмайды.

Ал бәсекелестіктің жоғары болуы нарықтың экономикалық қалыпты үдерісінің бірі екені белгілі. Осы орайда, 2009 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының маңызы зор. Бұл бағдарлама бойынша жоғары оқу орны мен кәсіптік білім беру жүйесін бітірген түлектерге алған мамандығы бойынша тәжірибеден өткізу жұмыстары жүргізілуде. Бірақ оны көптеген жоғары оқу орнын және кәсіптік білім ордасын бітірген жастар біле бермейді. Сондықтан ақпарат құралдарының мүмкіндігін пайдаланып бағдарламаның жастар жұмыссыздығының деңгейін азайтуға деген мүмкіндігін және оның артықшылығын насихаттау жұмысын одан әрі жақсарту аясын кеңейту қажет сияқты.



1-диаграмма. Қазақстандағы жастардың жұмыссыздығының негізгі себептері [7]

Қазіргі кездегі жұмыссыздықпен күрес жүйесі, негізінен, жұмыс орнын іздеу мен жұмыс орнын жасауға бағытталған, жұмыскерлердің кәсіби деңгейін толық деңгейде есепке алмайды. Жоғары оқу орнын бітірген

түлектер жұмысқа орналаса алмайды. Ал Ұлттық экономика жүйесінің кәсіпкерлік субъектілерінің маман кадрларға деген сұранысы өте жоғары. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік даму және денсаулық

сақтау министрлігінің мәліметі бойынша еліміздегі экономикалық жүйесінің 2012-2014 жылдары кадрларға деген қажеттілігі 287 мың адам болған. Ал үдемелі индустриалдық - инновациялық стратегияны жүзеге асыру үшін қосымша 108 мың адам, оның құрамында 54,9 мың адам техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар қажет екен.

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2017 жылдан бастап жаңа жоба «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» бағдарламасы жүзеге асырылатынын ерекше атап көрсетті. Жастардың тегін техникалық білім алуға деген мүмкіндігі, ұлттық экономика жүйесіне аса қажетті, орта буындағы техникалық кадрлар даярлауға жаңа серпін береді. Бұл үрдіс жастардың техникалық мамандықтарды игеруге деген ынтасын арттырып, ал өндірісті білікті мамандармен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Бұл жағдай, әсіресе қаржылық қиындықтарға байланысты, көптеген жас түлектердің жоғары немесе орта кәсіптік білім беру орындарына түсе алмауы аясындағы проблемасын шешуге, яғни олардың болашағына деген сенімін арттырып, жастардың еліміздің өлеуметтік-экономикалық жүйесінде өзіндік орын алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның еңбек нарығында Еуро-азиялық экономикалық одақтың құрылуына, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуына байланысты білікті маман кадрларға деген сұраныстың өсуі байқалады. Сондықтан мелекет деңгейінде және экономиканың жеке салалық аясында да кадрлар даярлау бағытын, мамандық түрлерін, олардың құрамын және санын еңбек нарығының даму ерекшеліктеріне байланысты үйлестіру жұмыстары қажет. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының концепцияларында жастардың бастамашылығын қолдау орталықтарын құруға, жастарды жұмысқа орналастыру механизмімен ынталандыру, жеңіл несиелер беру, жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша мамандар даярлау, мемлекеттік – жекешелік әріптестікті дамыту және т.б. іс-шараларды жүзеге асыру көзделген.

Жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету жүйесін одан әрі жақсарту үшін олардың таңдаған мамандықтары бойынша теориялық және әсіресе практикалық білім деңгейін жаңа деңгейге көтерудің маңызы зор. Ұлттық экономиканың ерекшеліктеріне байланысты жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесін оңтайландыру, әр түрлі мамандықтар арасында теңгерімділікті қалыптастыру бағытына мемлекеттік деңгейде жоспарлау жүйесін енгізу аса маңызды. Шетелдердің жастарды жұмыс-

пен қамту бағдарламаларын, мамандар даярлауда мемлекеттік-жекешелік әріптестік мүмкіндіктерін барынша кең тұрғыда пайдалану жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан халқының экономикалық белсенділігі. Статистикалық жинақ.- Астана, 2015

2 Национальный доклад “Молодежь Казахстана 2013”. Ж. Букенова, Г.Т. Ильясова, Б.Б. Масатова и др.- Астана: НИЦ “Молодежь”, 2013.-164с.

3 Мамытбеков А. //Электронный ресурс: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mamyitbekov-soobschil-rezkom-pritoke-kadrov-kazhstanskies-229593/

4 Актанов Д. //Электронный ресурс: <https://i-news.kz/news/2015/08/26/8106879-socialnaya-modernizaciya-kazahstana.html>

5 Шарафутдинова Ф. //Электронный ресурс: // Электронный ресурс: <http://otyrar.kz/2014/06/chem-tyazhelee-rabota-tem-legche-nanee-ustroitsya/>

6 Фомин В.Н. Трудоустройство молодых специалистов: политика государства и вузов // Строительные вести Белогорья. - 2002.- №13 (62)

7 Жоламанова Г.Е. Анализ ситуации на молодежном рынке труда Республики Казахстан // Электронный ресурс: http://2004-2010.iwep.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=3793&Itemid=44

Paidalanilgan adebietter tizimi

1 Statisticheskij sbornik “Jekonomicheskaja aktivnost' naselenija Kazahstana”. - Astana, 2015.

2 Nacional'nyj doklad “Molodezh' Kazahstana 2013”. Zh. Bufenova, G.T. Il'jasova, B.B. Masatova i dr.- Astana: NIC “Molodezh”, 2013.- 164 s.

3 Mamytbekov A. //Jelektronnyj resurs: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mamyitbekov-soobschil-rezkom-pritoke-kadrov-kazhstanskies-229593/

4 Aktanov D. //Jelektronnyj resurs: <https://i-news.kz/news/2015/08/26/8106879-socialnaya-modernizaciya-kazahstana.html>

5 Sharafutdinova F. //Jelektronnyj resurs: <http://otyrar.kz/2014/06/chem-tyazhelee-rabota-tem-legche-nanee-ustroitsya/>

6 Fomin V.N. Trudoustrojstvo molodyh specialistov: politika gosudarstva i vuzov // Stroitel'nye vesti Belogor'ja. - 2002. - №13 (62)

7 Zholamanova G.E. Analiz situacii na molodezhnom rynke truda Respubliki Kazahstan // Jelektronnyj resurs: http://2004-2010.iwep.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=3793&Itemid=44.

Социальные проблемы села

